

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРМАН КҮЗЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
21 сәуір 1994 ж. N 421. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.09. N 291
қаулысымен.

Қазақстан Республикасының ормандарын күзету және қорғау жөніндегі
ұйымдастыру, шолғыншылық-күзет, насихаттық және өзге де шараларды жүзеге
асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы
е т е д і :

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орман күзеті туралы Ереже
бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 1 с ә у і р д е г і
N 4 2 1 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орман күзеті туралы ЕРЕЖЕ Жалпы ережелер

1. Орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдары жүйесінде
ормандарды күзету және қорғау жөніндегі ұйымдастыру, шолғыншылық-күзет,
насихаттық және өзге де шараларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман күзеті
қ ұ р ы л а д ы .

Мемлекеттік орман күзетіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес
ормандарды күзету және қорғау ережелерін, орман пайдаланудың, орман
қорындағы жерлерді нысаналы мақсаттарға сәйкес пайдаланудың белгіленген
тәртібін бұзушылыққа тыйым салу және олардың алдын алу жөніндегі, сондай-ақ
орманға зиян келтіретін басқа да әрекеттерге тыйым салу және олардың алдын
алу құқығы беріледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің міндеттері

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің негізгі міндеттері: ормандарды күзету және қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру; орманда жұмыс істейтін және онда орын тепкен барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ орманда болатын азаматтардың Қазақстан Республикасы ормандарында Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтауына бақылау жасау;

ағаш дайындаушылардың өсіп тұрған ағаш пен орман пайдаланудың өзге де түрлерін босату ережелерін орындауын қамтамасыз ету. Орман қорындағы ж е р л е р д і к ү з е т у ;

ормандардың жай-күйіне, ұлғайту өсірілуіне, күзетілуіне, қорғалуына және ұжымшарлардың, кеңшарлар мен басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының орман ресурстарын пайдалануына бақылау жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзетін ұйымдастыру

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің құрамына Қазақстан Республикасы орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы жүйесі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметкерлері осы орган бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша кіреді:

орман шаруашылығы кәсіпорындарында - орманшылар, қорықшылар, орман шеберлері, өрттен қорғау-химиялық станцияларының бастықтары, орманшылардың көмекшілері, орман шаруашылығының, орманды қалпына келтіру және қорғаныштық орман өсірудің барлық дәрежедегі инженерлері, барлық дәрежедегі инженерлер-орманпатологтары, орман питомниктерінің бастықтары, бас орманшылар, директорлар;

орман қорғау станцияларында - барлық дәрежедегі техник-лесопатологтар, барлық дәрежедегі инженерлер, бастықтар;

орман инженерлік селекциялық-тұқым өсіру орталықтарында орман шеберлері, орманшылардың көмекшілері, орманшылар, барлық дәрежедегі инженер-тұқым өсірушілер, бас тұқым өсірушілер, директорлар;

облыстардың орман шаруашылығы органдарында - құрылымдық бөлімшелердің (бөлімдердің, секторлардың, инспекциялардың) орман күзету және қорғау, орман шаруашылығы, орманды қалпына келтіру мен қорғаныштық орман өсіру мәселелерімен шұғылданатын мамандары мен басшылары, бас директорлар, бастықтар;

орманды авиациямен күзету базаларында, авиабөлімшелерде, авиабазаларда, авиабуындарда - парашютпен өрт сөндіру, десанттық-өрт сөндіру топтарының, командаларының, қызметтерінің нұсқаушылары, аға нұсқаушылары, механикаландырылған отрядтарының бастықтары, ұшқыш байқаушылар,

ұшу-өндірістік бөлімдерінің бастықтары, авиабөлімшелерінің бастықтары, авиабуындардың командирлері, орман қорғау жөніндегі инженерлер, авиабаза бастығының ұшу қызметі жөніндегі орынбасары, бастық;

ғылыми-зерттеу және жобалау институттарында, тұқымбақ станцияларында - орман күзету және қорғау, орманды қалпына келтіру және қорғаныштық орман өсіру мәселелерімен шұғылданатын құрылымдық бөлімшелердің мамандары мен б а с ш ы л а р ы . < * >

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.06. N 454 қаулысымен .

4. Мемлекеттік орман күзетіне жалпы басшылықты облыстардың орман басқару органдары арқылы Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті табиғат қорғау қоғамдық ұйымдары мен айналадағы табиғи ортаның тазалығы үшін күресетін қозғалыстармен тұрақты байланыс және ынтымақтастық жасап отырады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзеті лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері

5. Орманшылар орман және айналымдардағы өздеріне сеніп тапсырылған мүлікті тікелей күзетіп, қызметі бойынша орман шеберлеріне бағынады.

О р м а н ш ы л а р :

өз айналымы мен оның шекарасын, ал айналым ішінде - жолдарды, суаттарды , өзендерді, көлдерді, тоғандарды, құдықтарды, бұлақтарды, құмды, ағаш кесетін жерлерді, ең жақын телефон орналасқан жерді, көршілес орманшылар мен мемлекеттік орман қорғаудың лауазымы жоғары қызметкерлерінің тұрғылықты жерлерін, жақын жердегі елді мекендерді, орманшылық пен орман шаруашылығы кәсіпорындарының әкімшілік үй-жайларын, сондай-ақ ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелері мен орман өрттерін іс-жүзінде сөндіру тәсілдерін ж а қ с ы б і л у г е т и і с ;

заңсыз ағаш кесуді, мал жаюды және орманды заңсыз пайдаланудың басқа да түрлеріне тыйым салу шараларын қолдануға;

орман өрті шыққан жағдайда оны жою үшін барлық шараларды қолдануға, сонымен бір мезетте мемлекеттік орман қорғаудың лауазымы жоғары қызметкерлеріне өрт туралы хабарлауға;

орманда өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын бақылап, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың осы ережелерді бұзғандығының баршасы жайында орман шеберіне хабарлауға, ал оларды жекелеген азаматтар бұзған жағдайда бұл туралы тікелей хаттама (акт) жасауға;

өз айналымында көпірлердің, өрт бақылау мұнараларының, телефон желісінің

, шек қою, орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің сақталуын қ а д а ғ а л а у ;

орман шеберіне немесе орманшылыққа айналымда байқалған зиянды жәндіктердің, орман ауруларының ошақтары, жел құлатқан, дауыл құлатқан, қураған ағаштар мен орман шаруашылығына зиян келтіруі ықтимал басқа да құбылыстар жайында дереу хабарлауға міндетті.

О р м а н ш ы л а р :

сүрек дайындауға, мал жаюға, пішен шабуға және орман пайдаланудың басқа да түрлеріне құқық беретін құжаттарды тексеруге, орман пайдаланудың белгіленген ережелерінің орындалуын бақылауға;

заңсыз ағаш кесу және басқа орман тәртібін бұзушылықтар жөнінде хаттамалар (актілер) жасауға;

орман өрттерінің шығуына кінәлі адамдарды ұстап алуға және оларды тиісті ішкі істер органдарына жеткізуге;

жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары белгілеген тәртіпке сәйкес өрт сөндіруге кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін, халықты, көлік пен өртке қарсы қолданылатын құралдарды тартуға, бұл орайда ормандағы, ең жақын елді мекендердегі байланыс құралдарын пайдалануға;

орманшының тапсырмасы бойынша селолық тауар өндірушілердің орман күзетінің жай-күйін тексеруге, орман пайдалануды, осы ормандары күзету және қорғауды ұйымдастыруда оларға техникалық көмек көрсетуге құқылы.

6. Әрбір орманшыға оған оның күзетуіне тапсырылған мемлекеттік мүліктің тізбесімен бірге айналымның жоспары мен төлқұжаты беріледі.

7. Орман шеберлері орманшыға және оның көмекшісіне (орманшылықтарға бөлінбеген орман шаруашылығы кәсіпорындарында - директорға және орманды күзету және қорғау жөніндегі инженерге тікелей бағынады.

О р м а н ш е б е р л е р і :

өз учаскесінің, учаске құрамына енетін айналымдардың шекарасын, сондай-ақ өртке қарсы құрылыстардың, суаттардың, өзендердің, көлдердің, орлардың, байланыс пункттерінің және өзімен шекаралас орман шеберлерінің тұрғылықты жерлерін жақсы білуге;

өз учаскелері орманшыларының жұмысын басқаруға және нұсқамалар беруге, сондай-ақ олардың өз міндеттерін орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

өз айналымдарына тексерістер жүргізуге, кордондарды тиісті дәрежеде күтіп ұстауға, қарудың және орманшылардың қарауына тапсырылған барлық мүліктің сақталуына ;

орман өрті шыққан жағдайда оларды жоюға тікелей шаралар қолдануға, сонымен бір мезетте бұл жөнінде орманшыға хабарлауға;

орманшылыққа (немесе орман шаруашылығы кәсіпорнына) екі күндік мерзімнен кешіктірмей әр қилы орман тәртібін бұзушылықтар жөнінде учаске бойынша жасалған хаттамаларды (актілерді) жолдауға;

учаскеде уақытша өрт күзетшілері мен өрт командаларының жұмысына б а с ш ы л ы қ ж а с а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

О р м а н ш е б е р л е р і :

заңсыз ағаш кесу және басқа да орман тәртібін бұзушылықтар, сондай-ақ ормандағы өрт қауіпсіздігінің белгіленген ережелері мен талаптарының орындалмауы жөнінде хаттамалар (актілер) жасауға;

ағашы кесілген жерлерді, дайындалған материалдарды, шайыр алуға бөлінген орман ағаштарын, учаскеде орындалған орман шаруашылығы жұмыстарын куәландыруға қатысуға, ал жекелеген жағдайларда орманшының тапсырмасы бойынша куәландыруды, бұл жөнінде акт жасай отырып, өз бетінше жүргізуге;

орманшының тапсырмасы бойынша селолық тауар өндірушілер мен басқа да орман иеленушілердің иелігіндегі ормандарды күзету және қорғаудың жай-күйіне тексеру жүргізуге құқылы.

8. Әрбір орман шеберіне белгіленген үлгідегі таңбалар беріледі:

босатушы - ағаштарды, дайындалатын ағаш материалдары мен өсіп тұрған ағашты босату кезінде қалған түбірді таңбалау үшін;

кесуші - орман тәртібін бұзушылардан қайтарып алған материалды, сондай-ақ ағашты заңсыз кесуден қалған түбірлерді таңбалау үшін;

Таңбалау мен аталған таңбаларды сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

9. Орман шеберлері мен орманшыларға орман қорғау жөніндегі міндеттерінен өзге өз учаскелері мен айналымдары шегінде мынадай жұмыстар жүктеледі :

ағаш отырғызу, ағаш егу, орманның табиғи жаңғырып өсуіне жәрдем жасау, отырғызылған ағаштарды күтіп-баптау, ағаш тұқымын жинау, ағаш кесу, орманды күтіп-баптау және басқа жұмыстарға басшылық жасау;

орман орналастыруды жүргізу кезінде орман орналастыру қызметкерлеріне шекараларды, аралық белгілерді, шаршылық сүрлеу жолдарды, визирлер және басқаларды нақ өз қалпына көрсету;

кесілетін ағаштарды, сондай-ақ шөп шабылатын, жайылымдық алқаптарды бөлуге және басқа да орман пайдалануға қатысу;

Орман шеберлері мен орманшылардың осы ереженің 10-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындауы тек қана орманшылар немесе олардың көмекшілері, ал орманшылыққа бөлінбеген орман шаруашылығы кәсіпорындарында - директорлар немесе бас орманшылар әрбір жеке жағдайда

беретін белгіленген нысандағы нарядтар бойынша жүргізіледі.

10. Орманшылардың көмекшілері:

орман шеберлеріне, орманшыларға, уақытша орман күзетшілері мен өрт командаларына жүктелген міндеттердің дер кезінде және дәлме-дәл орындалуына бақылау жасауға және оларға нұсқамалар беруге;
айналымдар мен учаскелерге тексерістер жүргізуге;

барлық орман пайдаланушылардың (жалгерлердің) өсіп тұрған ағашты босату ережелері мен өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауына бақылау жасау және олар бұзылған жағдайда бұл жөніндегі хаттамалар (актілер) жасауға;

орманшылық аумағында өрт қаупінің алдын алу шараларының жүргізілуіне тікелей басшылық жасау, ал орман өрттері шыққан жағдайда орманшы келгенге дейін өртті сөндіруге басшылық жасауға міндетті.

орманшылардың көмекшілері:

орманшылыққа келіп түсетін орман тәртібін бұзушылықтар туралы актілердің дұрыстығын тексеруге, ағашты заңсыз кесуден және бүлдіруден келген зиянды анықтауға;

орманшының тапсырмасы бойынша селолық тауар өндірушілер мен басқа да орман қорын иеленушілердің иелігіндегі ормандардың күзетілуінің, қорғалуының жай-күйіне тексеріс жүргізуге құқылы.

11. Орманшылар өз орманшылықтарының күзеті үшін тікелей жауап береді.

О р м а н ш ы л а р :

орманшылық аумағында ормандарды өрттер мен орман тәртібін бұзушылықтан қорғауды басқаруға;

орман шеберлері мен орманшылардың техникалық білімін көтеру жөніндегі шараларын жүргізуге;

табиғат қорғаудың жергілікті қоғамдық ұйымдарымен тұрақты байланыс жасап отыруға;

өсіп тұрған ағашты босатудың белгіленген ережелері мен өрт қауіпсіздігі ережелерін барлық орман пайдаланушылардың (жалгерлердің) орындалуына жүйелі бақылап отыруға;

орман тәртібін бұзушылықтар мен орман өрттері туралы актілердің дер кезінде және дұрыс жасалуын қадағалауға, оларды дер кезінде ресімдеп, орман шаруашылығы кәсіпорнына немесе сотқа, ішкі істер органдарына прокуратураға жіберуге;

өртке қарсы барлық алдын алу шараларын жүргізуге сондай-ақ орманшылық аумағында өрт сөндіруге басшылық жасауға міндетті.

О р м а н ш ы :

жергілікті атқарушы өкімет органдарының өртке қарсы алдын алу шараларын әзірлеуге және өз орманшылықтарының шегіндегі орман шаруашылығы

кәсіпорны бойынша ормандағы өрттен қорғау маусымына даярлыққа қатысуға;
орман шаруашылығы кәсіпорны директорының тапсырмасы бойынша орман тәртібін бұзушылықтар мен орман өрттері туралы істер қаралған кезде сот органдарына қатысуға ;

селолық тауар өндірушілер мен басқа да орман қорын иеленушілерге орман күзетін ұйымдастыруда техникалық көмек көрсетуге, орман ресурстарының дұрыс пайдаланылуына бақылау жүргізуге және тәртіп бұзушылық анықталған жағдайларда бұл жөнінде хаттамалар (актілер) жасауға құқылы.

12. Орманды күзету және қорғау жөніндегі инженерлер орман шаруашылығы кәсіпорындарының директорларына бағынады және сонымен бірге орман күзетінің жай-күйі үшін жауапты болып табылады.

Орман шаруашылығы кәсіпорындарының орманды күзету және қорғау жөніндегі инженерлері :

Орманды өрттен қорғауға және орман тәртібін бұзушылықтарға қатысты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын, Үкіметтің қаулылары мен жарлықтарын, бұйрықтары мен нұсқамаларын білуге;

орманшылықтардағы, шеберлер учаскелері мен айналымдарындағы орман күзетінің жай-күйін жүйелі түрде бақылап отыруға;

орман шеберлерінің, орманшылардың, уақытша орман күзетшілері мен өрт командаларының жеке құрамының техникалық білімдерін көтеру жөніндегі оқуды өткізуге ;

орман күзету жөніндегі шараларды әзірлеп, іс жүзіне асыруға;
өрттен қорғау - химиялық станцияларының ұйымдастырылуы мен жұмысына, өрт бақылау мұнараларын салу мен жөндеуге басшылық жасауға, радио және телефон байланысы құралдарын салу мен жөндеудің жүргізілуін бақылауға;

орман өртімен күрес саласындағы ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерінің орман шаруашылығы кәсіпорында енгізілуіне тікелей басшылық жасауға ;

орман шаруашылығы кәсіпорнындағы орманды өрттен жер бетінде және авиациямен қорғау жұмысын авиакүзет және орман өртімен авиациялық құралдар арқылы тікелей күресуге қатысты бөлігінде үйлестіруді жүргізуге;

орман тәртібін бұзушылықтар мен орман өрті жайындағы хаттамаларды (актілерді) дұрыс және дер кезінде ресімдеуді қадағалау және олардың есебін жүргізіп отыруға ;

орман тәртібін бұзушылықтар мен өрт жөніндегі істердің соттарда, ішкі істер органдарында, прокуратурада жүргізілуі барысы мен жазаға тарту жөнінде шығарылған шешімдердің орындалуын қадағалауға міндетті.

Орманды күзету және қорғау жөніндегі инженерлер:
орман шаруашылығы кәсіпорны бойынша орманды пайдаланушылардың (

жалгерлердің) өсіп тұрған ағашты босату ережелері мен ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауын тексеруге;
орман өртін сөндіруге тікелей басшылық жасауға;
орман күзеті жөніндегі орман кордондарының, басқа да жайлар мен құрылыстардың түзік қалыпта ұсталуын, сондай-ақ қару және оқ-дәрілердің дұрыс сақталуы мен күтіп ұсталуын қадағалауға;
орман шаруашылығы кәсіпорны директорының тапсырмасы бойынша селолық тауар өндірушілер мен орман шаруашылығы орналасқан аудандағы басқа да орман қорын иеленушілердің орман күзетінің жай-күйіне тексеру жүргізуге қатысуға.

13. Инженер-орманпатологтар:

орманды күзету және қорғау жөніндегі орманшылардың, орман шеберлерінің жұмысын тексеруге, сондай-ақ айналымдар мен шеберлер учаскелеріне тексерулер жүргізуге қатысуға;

орман шаруашылығы кәсіпорындарының аумағында зиянкестер мен орман ауруларын анықтау жөніндегі жұмыстардың жай-күйін тексеру, сондай-ақ зиянды жәндіктер мен аурулар ошақтарының жүйелі есебін жүргізуге;

барша орман ағаш-өсімдіктерінде, сондай-ақ питомниктері мен плантацияларында зиянды жәндіктер мен жегі ауруларына қарсы алдын алу шараларын жүргізуді ұйымдастыруға міндетті.

Инженер-орманпатологтары:

орман шаруашылығы кәсіпорындарының аумағындағы ормандардың санитарлық жай-күйі мен ормандарда санитарлық ережелердің сақталуына бақылау жүргізуге;

облыстық орман басқармасының тапсырмасы бойынша селолық тауар өндірушілер мен басқа да орман қорын иеленушілердің ормандарында орман күзету және қорғаудың жай-күйіне тексеру жүргізуге.

14. Бас орманшылар:

ормандарда орманды өрт және орман бұзушылықтардан қорғау жөніндегі күллі техникалық және өндірістік-шаруашылық шараларды, сонымен қатар орманды өрттен, орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау саласында ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерін енгізуді ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

орманды күзету және қорғауға байланысты ведомстволық бағынысты орманшылықтар үшін барлық шаралар бойынша жоспарлар әзірлеуді басқарып, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

орман шаруашылығы кәсіпорындары мен орманшылықтардың мемлекеттік орман қорғау қызметкерлерінің техникалық білімін көтеру жөніндегі шараларды ұйымдастыруға басшылық жасауға міндетті.

Б а с о р м а н ш ы л а р :

ормандарды ұлғайта өсіру, күзету, қорғау және пайдалану саласында ороманды пайдалану ережелерінің, негізгі қағидалар мен басқа да нормативтік құжаттардың жергілікті жерлерде сақталуы мен орындалуына бақылауды жүзеге асыруға ;

селолық тауар өндірушілер мен басқа да орман қорын иеленушілерге ороманды күзету және қорғауды ұйымдастыруда техникалық көмек көрсетуге, орман ресурстарының дұрыс пайдаланылуын қадағалуға құқылы.

15. Орман шаруашылығы кәсіпорындарының директорлары оромандарды өрт және орман тәртібін бұзушылықтардан қорғау жөніндегі барлық шаралардың орындалуына жалпы басшылық пен бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Д и р е к т о р л а р :

орман тәртібін бұзушылықтар мен өрттер туралы материалдарды соттарға, ішкі істер органдары мен прокуратураға жіберуге, сондай-ақ сотта азаматтық қуыным жасауға ;

селолық тауар өндірушілер мен басқа да орман қорын иеленушілердің оромандарды дұрыс пайдалануына және орман күзетуіне бақылау ұйымдастыруға және айқындалған тәртіп бұзушылықтарды жою үшін тиісті шаралар қолдануға құқылы .

16. У а қ ы т ш а ө р т к ү з е т ш і л е р і :

ормандарды өрттерден қорғау жөніндегі орманшы мен орман шеберінің өкімдері мен нұсқауларын орындауға ;

күзетілетін учаскеде оттан сақтану шараларының қадағалануын бақылауға ;

өрт қауіпсіздігі ережелерін білуге ;

өрт бақылау мұнарасында және ороманның ерекше өрт шығу қаупі бар учаскелерінде кезекшілік атқару, ал орман өрті байқалған жағдайда оны жою үшін барлық шараларды қолдана отырып, сол мезетте өрт шыққан жер және өрттің бағыты жөнінде орманшыға, орман шеберіне немесе күні бұрын белгіленген пункттерге хабарлауға міндетті.

Уақытша өрт күзетшілері орман өртінің шығуына кінәлі адамдарды ұстап алып, оларды орманшылыққа жеткізуге құқылы.

17. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің осы Ереженің 6, 9, 11-18-тармақтарында аталғандарынан басқа лауазымды адамдары орман күзеті жөніндегі өз қызметін оромандарды мемлекеттік басқару органдарының тиісті құрылымдық бөлімшелері туралы лауазымдық нұсқамалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік орман күзетін қарумен жарақтандыру

18. Қызметтік штат қаруын алып жүруге құқылы мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі жүйесінің қызметкерлерін қарумен жаратқандыру үшін белгіленген нормаларға сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетіндегі қызмет

19. Орманшылар мен қорықшылар қызметіне денсаулық жағдайы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органы бекіткен талаптарға жауап беретін адамдар қабылданады.

Орманшылар мен қорықшылар өздері үшін міндетті техникалық минимумды (оқудан кейін) тапсыруға және дүркін-дүркін аттестациядан өтіп отыруға тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті қызметіне негізінен орман шаруашылығы, орман-техникалық немесе өзге арнаулы оқу орнын бітіргендер қабылданады.

20. Орманшылар мен орман шеберлері ауыстырылған кезде белгіленген нысан бойынша айналымды (шебер учаскесін) қабылдау-тапсыру актісі жасалады.

Айналымды тапсыру кезінде орман шеберінің, ал шебер учаскесі тапсырылған кезде орман шаруашылығы кәсіпорнының орманды күзету және қорғау жөніндегі инженері мен орманшының немесе оның көмекшісінің қатысуы міндетті.

21. Мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің қызмет бабындағы теріс әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жаза қолданылуы мүмкін.

22. Мемлекеттік орман күзеті қызметкерлері орман тәртібін бұзушылықтарға қарсы және орман өрттерімен күресудегі үлгілі жұмысы, бастама танытқаны, тапқырлығы мен жанқиярлығы үшін ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес көтермелеу қолданылады.

23. Мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері белгіленген үлгідегі нысанды киім киіп, ал орманшылар мен орман шеберлері, бұдан басқа, кеудеге тағатын лауазымдық белгі тағып жүреді, бұл белгі қызметкер жұмыстан шыққан жағдайда қайтып алынады.

24. Орман шеберлеріне, сондай-ақ ірі немесе үлкен алқапта шашыраңқы орналасқан айналымдардың орманшыларына (қорықшыларға) қызмет бабында пайдалану үшін механикаландырылған көлік немесе ат беріледі.

25. Орман күзетінде жұмыс істеу уақытына орман шеберлеріне, орманшыларға және қорықшыларға орман ішінде қора-қопсысы мен тұрғын

жайлар (кордондар) тегін пайдалануға беріліп, отын үшін ағаш қалдықтары қажетті мөлшерде босатылады.

Орман шаруашылығы кәсіпорындарының және орманшылықтардың қызметкерлері (орманшылар, орман шеберлері, басшы инженер-техник жұмыскерлер мен қызметкерлер) жеке меншік малы үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгілі нормалар шегінде шабындық жерлер мен қызметтік жер үлестерін алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК